

F.E. Esim 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
e-mail: garifollaesim@mail.ru

АБАЙ ҒЫЛЫМЫ

Бұл мақалада хакім Абайдың рухани-танымдық мұрасы герменевтикалық талдау әдісі негізінде зерделенеді. Зерттеу Абай шығармаларын жалпылама баяндау, идеологиялық және теологиялық интерпретациялардан арылтып, оның өлеңдері мен қара сөздеріндегі ұғымдарды нақтылы мәтіндік (текстологиялық) талдау арқылы ашуды көздейді. Зерттеудің негізгі мақсаты – ғылыми айналымда орныққан «Абай ілімі» ұғымының теологиялық сипатын сынға алып, Абай дүниетанымын дәлірек сипаттайтын «Абай ғылымы» ұғымын енгізу және ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу әдіснамасы герменевтикалық интерпретация, мәтіндік-философиялық мен теоло-лингвистикалық талдау, тарихи-салыстырмалы және концептуалдық жүйелеу тәсілдеріне сүйенеді. Зерттеу барысында Абайдың ғылым, ғалым, хакім, ілім, иман, жауанмәртлік, махаббат, сенім және «толық адам» секілді негізгі категориялары исламдық дүниетаным, қазақы рухани дәстүр және зайырлы рационалдық ойлау аясында кешенді түрде талданады. Сонымен қоса автор ғылымды Алланың бір сипаты ретіндегі түсіндірмесін негіздейді, сенімнің таным мен ғылымның ең бастапқы эпистемологиялық сатысы екенін айқындайды. Сенімнен ажыраған, тек дәлелге сүйенген «ібілістік ғылым» парадигмасының тарихи түрде қателіктерге ұрынуы, оның қазіргі жасанды интеллект феноменінде де көрініс табуын Абай дүниетанымы аясында сыни тұрғыда талдайды.

Зерттеу нәтижесінде дәстүрлі жазудың күрт өзгеруі отаршылдықтың қазақ руханиятына тигізген ауыр рухани соққысы екені айқындалады. Абайдың оң жазумен қалыптасқан ойлау жүйесі мен кейінгі кезеңде кеңестік, коммунистік оқу-ағарту жүйесі арқылы орныққан «теріс оқу» арасындағы қайшылық Абай мұрасын түсінуде, әсіресе оның мәтінін дұрыс анықтауда күрделі мәселелер туғызғаны дәлелденеді. Абай ғалым ретінде оң ойлау жүйесіне негізделген тұтас рухани-ғылыми модель ұсынса, кейінгі зерттеушілердің бір бөлігі оны маркстік-атеистік парадигма аясында бұрмалап түсіндіргені көрсетіледі.

Зерттеудің ғылыми құндылығы – абайтанудағы методологиялық жаңғыруға үлес қосуында, ал тәжірибелік маңызы – Абай мәтіндерін қайта оқу, текстологиялық түзету және гуманитарлық білім беру саласында қолдану мүмкіндігінде.

Түйін сөздер: Абай ғылымы, хакім Абай, герменевтикалық талдау, үш сүю, толық адам, исламдық дүниетаным, рухани таным, абайтану.

G.E. Yesim

Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan
e-mail: garifollaesim@mail.ru

Abai's Epistemology

This article examines the spiritual and epistemological heritage of Hakim Abai through the method of hermeneutic analysis. The study aims to move beyond generalized descriptions as well as ideological and theological interpretations of Abai's works, focusing instead on revealing the concepts embedded in his poems and prose ("Words of Edification") through precise textual (textological) analysis. The primary objective of the research is to critically reassess the concept of "Abai's doctrine," which has been widely established in academic discourse and carries a theological connotation, and to introduce and substantiate the concept of "Abai's science," which more accurately reflects his worldview.

The research methodology is based on hermeneutic interpretation, textual-philosophical and theo-linguistic analysis, as well as historical-comparative and conceptual systematization methods. The study examines Abai's key categories – such as science, scholar, hakim, doctrine, faith, generosity (javanmardlik), love, trust, and the concept of the "perfect human being" – within the broader contexts of Islamic worldview, Kazakh spiritual tradition, and secular rational thought. The author also substantiates the interpretation of science as one of the attributes of God and identifies faith as the initial epistemological stage of knowledge and science. The paradigm of "diabolical science," which relies solely on proof and is detached from faith, is critically analyzed, demonstrating that such an approach historically led to er-

The study also reveals that the abrupt transformation of traditional writing systems represented a profound spiritual impact of colonial policy on Kazakh intellectual culture. It is demonstrated that the contradiction between the right-oriented cognitive system formed in Abai's intellectual environment and the later "reverse reading" system introduced through the Soviet communist educational model created serious challenges in interpreting Abai's legacy, particularly in determining the correct textual readings of his works. While Abai proposed a holistic spiritual and scientific model grounded in a right-oriented intellectual framework, some later scholars interpreted his legacy within a Marxist-atheist paradigm.

The scientific significance of the research lies in its contribution to the methodological renewal of Abai studies, while its practical value is reflected in the possibilities for re-reading Abai's texts, making textological corrections, and applying the results within the field of humanities education.

Keywords: Abai's science, Hakim Abai, hermeneutic analysis, three loves, perfect human being, Islamic worldview, spiritual cognition, Abai studies.

Г.Е. Есим

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
e-mail: garifollaesim@mail.ru

Эпистемология Абая

В данной статье духовно-познавательное наследие хакима Абая исследуется на основе герменевтического метода анализа. Исследование направлено на освобождение интерпретации произведений Абая от обобщённого изложения, а также от идеологических и теологических трактовок, и ставит целью раскрытие понятий, содержащихся в его поэзии и «Словах назидания», посредством конкретного текстологического анализа. Основная цель исследования заключается в критическом осмыслении укоренившегося в научном обороте понятия «учение Абая», выявления его теологического характера и обосновании необходимости введения и научного закрепления более точного понятия – «наука Абая», адекватно отражающего его мировоззрение.

Методологическую основу исследования составляют герменевтическая интерпретация, философско-текстуальный и теоло-лингвистический анализ, историко-сравнительный подход и методы концептуальной систематизации. В ходе исследования ключевые категории мировоззрения Абая – наука, учёный, хаким, учение, иман, жәуанмәртлік, любовь, вера и концепция «целостного человека» – вавеве комплексно анализируются в контексте исламского мировоззрения, казахской духовной традиции и светского рационального мышления. Кроме того, автор обосновывает понимание науки как одного из атрибутов Аллаха и выявляет веру как исходную эпистемологическую ступень познания и науки. В рамках абаяевского мировоззрения критически анализируется историческая склонность парадигмы «ибилистской науки», опирающейся исключительно на доказательства и утратившей веру, к систематическим ошибкам, что, по мнению автора, находит своё проявление и в феномене современного искусственного интеллекта.

В результате исследования установлено, что резкое изменение традиционной письменности явилось тяжёлым духовным ударом колониального характера по казахской духовной культуре. Доказано, что противоречие между системой мышления Абая, сформированной «правильным письмом», и моделью «обратного чтения», утвердившейся в последующий период через советскую, коммунистическую систему образования, породило серьёзные трудности в понимании наследия Абая, особенно в сфере текстологии. Показано, что Абай как учёный предложил целостную духовно-научную модель, основанную на «правильном мышлении», тогда как часть последующих исследователей интерпретировала его наследие в рамках марксистско-атеистической парадигмы.

Научная ценность исследования заключается во вкладе в методологическое обновление абаяведения, тогда как его практическая значимость определяется возможностью повторного прочтения текстов Абая, их текстологической корректировки и применения полученных выводов в сфере гуманитарного образования.

Ключевые слова: наука Абая, хаким Абай, герменевтический анализ, три любви, совершенный человек, исламское мировоззрение, духовное познание, абаяведение.

Кіріспе

1994 жылы «Хакім Абай» деген кітап жаздым (Есім, 2012). Жұрт жылы қабылдады. Әрине, түсінбегендер де болды. Қиындық туғызғаны кітаптың герменевтика тәсілімен жазылғаны.

Ұстазым Қайым Мұхамедханов талай айтып еді, ақынның шығармасын талдағанда тек бір өлеңін немесе өлеңнің бір шумағын не бірер жолын ғана талдаған жөн деп. Бірақ, қазақ топырағында поэзияны бұлай талдаған автор сирек. Жұрт жалпылама айтқанды ұнатады. Жалпыла-

ма айту жеңіл, әдебиетшілер әрі кеткенде салыстырма тәсілін қолданады.

Көпшілік шығарма талдауда сюжет қуалап, баяндауға жаттыққан. Нақтылы мәтінді талдау осал шаруа емес. Бұл тәсілді ілгеріде қасиетті кітаптарды талдауға қолданған. Қазақ тілінде бұл тәсіл «тәпсір» дегенге келеді. Құран аяттарын жеке-жеке түсіндіруді тәпсір дейді.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңнің бір жолы, енді осыны талдау қажет. «Хакім Абай» кітабы толық осындай тәсілмен жазылған. «Хакім Абай» кітабының құндылығы да, түсінуге қиындығы да осында. Бұл тәсілді Шәкәрімнің өлеңдерін талдауға қолдандым, кейінірек «Жұлдызды Жүмекен» кітабым осы тәсілмен жазылды.

Абай шығармалары туралы жалпылама айтушылар әлі де жеткілікті. Ақынның тек бір өлеңін, бір өлең шумағын не бір өлең жолын талдау әлі де сирек. Жалпылама айтумен нақты өлеңнің мән-мазмұны ашылмақ емес. Кейінгі кезде «Абай ілімі» деген жиі айтыла бастады. Бізге қажет «Абай ілімі» емес, «Абай ғылымы». Ғылымсыз елдің болашағы жоқ. Абай мұрасынан ілім іздеу жастарды теріс жолға бастау. Сондықтан бұл мақалада алға қойылған негізгі мақсат – Абайға қатысты зерттеулерде орныққан «Абай ілімі» ұғымының теологиялық сипатынан бас тартып, Абай дүниетанымын терең ашатын «Абай ғылымы» ұғымын енгізу және оны ғылыми тұрғыдан негіздеу. Абай ілімі – теология, біз зайырлы елміз, бізге керегі Абай ғылымы. Осы мақсатта «Абай ғылымы» деген еңбек жаздым (Есім, 2026).

Абай мұрасын зерттеуде теологиялық-герменевтикалық әдіс жүйелі түрде қолданылып, «ілім» ұғымы Құран мәтіні негізінде анықталды. Зерттеу барысында Құрандағы ілімнің тек Алла тағаладан берілетіні жөніндегі аяттар әдіснамалық өлшем ретінде алынып, осы өлшем арқылы Абай шығармашылығын «Абай ілімі» деп атаудың қисынсыздығы дәлелденеді. Сонымен қатар кеңестік кезеңде қалыптасқан абайтану дискурсы идеологиялық-сын тұрғысынан талданып, марксистік-лениндік дүниетанымның Абай мұрасын интерпретациялауға тигізген ықпалы дереккөздік және концептуалдық деңгейде ашылады. Бұл әдіс Абай шығармаларын зерттеуде идеологиялық жүктемеден арылған, исламдық дүниетанымға негізделген жаңа интерпретациялық тәсіл ұсынылды.

Зерттеудің нәтижесі абайтануда орныққан «Абай ілімі» ұғымының теориялық тұрғыдан

қате екенін негіздеді. Абай мұрасын «хакімдік тағылым» және «ғылыми-этикалық ойлау жүйесі» ретінде қарастыру қажеттігі дәлелденді. Абайды пайғамбарлық деңгейге көтермей, оның хакімдік болмысын исламдық таным аясында нақтылауымыз керек. Сонымен бірге, Абай дүниетанымын атеистік идеологиялармен (марксизм, ленинизм) сабақтастыра түсіндірудің ғылыми негізсіз екені көрсетіліп, бұл көзқарастың кеңестік кезеңнен қалған инерция екені теориялық тұрғыда тұжырымдалады. Осы арқылы зерттеу қазіргі абайтануға ұғымдық тазалық енгізіп, Абай мұрасын тануда теология, философия және мәдениеттану салаларының тоғысында жаңа концептуалдық бағыт қалыптастыруды ұсынамын.

Талқылау

Ғылым – дүние көркі. Абай: *«Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз»*, – дейді. Рас. Ғылымсыз дүние туралы сөз жоқ. Мал дегеннің арабша мағынасында капитал, яғни байлық, барлық дәулет деп түсінсек, ол да ғылымсыз болмақ емес.

Хакім Абай *«Рас сөздің кім білер қасиетін?»* деп сауал қойғанында, рас сөздің қасиетін анықтаушы да – ғылым.

Абай заманында XIX ғасырдың екінші жартысында ғылым бүгінгідей мәуелі бәйтерек емес. Оқу, білім, ғылым төменгі сатыда. Ғылымға заманында әл-Фараби секілді бірлі-жарым ғұламалар болмаса, кімдердің қолы жеткен. Ғылым көпшілікке қолжетімді емес еді. Сондықтан, Абайдың *«жасымда ғылым бар деп, ескермедім»* деген өкініші табиғи жағдай. Дүниені танымаққа деген ынта тұла бойын билеген дана Абайға ғылым аса қажет.

«Қалың елім қазағым, қайран жұртым» деп толғанысқа түскенде жұрттың жақсы мен жаманның аражігін ажырата алмауы да ғылымның жоқтығынан, дейді хакім Абай.

Жақсы деген немене? Жаман деген немене осы мәселені елге кім түсіндіріп бермек, тіптен түсіндіріп бергенімен, оны ұға қоярлықтай жұртта қауһар бар ма? Қазақ қоғамы үшін жақсы мен жаманды айыру ауыр мәселе. Абай заманында «жақсы» деген өзгере бастады. Жақсылықты анықтаушы сол кезеңде билік жүргізіп отырған орыс әкімшілігі. Қазақ халқының жақсылық дегені енді жақсылық болудан қалып барады. Қазақтардың балаларын түрікше хат танытып, парсы, мұсылманша сауатын ашқандары орыс

әкімшілігінің қажеттілігіне жарамай қалды. Ол кезге керегі орысша оқу.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында мынандай сурет бар. Абай орыс даналары Александр Пушкинмен Михаил Лермонтов шығармаларын орыс тілінен тәржімалап отырғанын көріп, түрік, араб, парсыша сауатты Тобықтының көзі ашық азаматтары Абайдың теріс оқуға шүкшиғанына таң қалысады (Әуезов, 1997).

Роман Кеңес заманында жазылғандықтан бұл суретті жан-жақты Мұхтар Әуезов кеңейтіп баяндамаған. Бұл жерде айтулы мәселе бар, ол араб жазуының оң жақтан, орыс жазуының теріс жақтан басталуы. Бұл адамның оң ойлауы не теріс ойлауы деген жағдай.

Тобықтының дәстүрлі оқығандарына теріс жазу жат. Олар теріс жазу теріс ойлауды талап ететінін біледі.

Дәстүрлі жазудың күрт өзгеруі отаршылдықтың ауыр рухани соққысы болатын. Бүгінгі зерттеушілердің Абай мұрасын әлі де болсын жете түсінбей жүргендері хакім оң жазумен жетіліп, оң ойлаумен толыққан ойшыл, ал оны іздеушілер теріс оқумен білім алғандар.

Бұл мәселе, әсіресе Абайдың мәтінін (текстологиясын) анықтауда қиыншылық туғызуда. Абай ғалым ретінде оң ойласа, кейінгілер теріс ойлайды, себебі кеңестік тәртіп, оқу-ағарту жүйесі коммунистік жүйеге негізделген.

Абай ғылымын түсіну үшін осы мәселені зерделеп алған жөн. Орысша оқу Абай заманында басталды. Қазақтың орысша білетін жастары Ресей әкімшілігіне қажет.

Осы мәселе «Интернатта оқып жүр» деп басталатын өлеңде жан-жақты баяндалған.

Интернатта оқып жүр,

Талай қазақ баласы.

... Ынсапсызға не керек

Істің ақ пен қарасы?

Нан таппаймыз демейді,

Бүлінсе елдің арасы.

Табылмас ғылым сарасы.

Аз білгенін көпсінсе,

Көп қазаққа епсінсе,

Кімге тиер панасы? (Құнанбайұлы, 2004).

Орысша оқудың керектігін қазақтар да біле бастады. Байлар әкімшіліктің алдау-арбауына түсе бермеуі үшін балаларын орыс оқуына бере бастаған.

«Балам закон білді деп,

Қуанар ата-анасы».

Әрине, балаларының закон білгені жөн, бірақ олар «орыс тілі мен жазуы» прошение жазу-

ға керек деп ойлайды. Жұрттың, елдің бүлінгені керек емес, әйтеуір пайда тауып қалу. Ғылым саласы туралы терең ой жоқ.

Өлең мәтінін оқи келе орысша оқуда мақсат Салтыков пен Толстойлар туралы емес, тілмаш не адвокат болу.

Бұл өлеңде мәселе тереңде. Интернатта оқып жүрген қазақ балаларының санасында Салтыков пен Толстойлардың болмауы заңды. Оқу бағдарламасында олар жоқ. Тіптен, кәдімгі адвокат не тілмаш болу да жоқ. Керегі прошение жазуға қол жеткізу. Кәдімгі пәле-жаламен күн көру. Интернаттан оқу аяқтаған соң, адвокат болып таза қызметке жарайтын мамандар шығып жатқаны жоқ, орыс тілі мен жазуын ел бүлігіне қолдану, пара алу, сөйтіп қазақтарды патша әкімшілігімен бірге қанау.

Абай оларды шарифатқа шала дейді. Бұл сөздің астарында интернатта оқып жүрген қазақ балаларының кісіліктері сын көтермейді, оларды адамшылыққа тәрбиелейтін ұстаздар да, арнайы пәндер де жоқ. Шәкірттердің оқу жоспары әкімшіліктің талаптарына сай құрылған. Патша әкімшілігіне шәкірттердің кісілігі қажеті шамалы. Кісілік туралы дәрістер беретін ұстаздар бар ма? Әй, қайдам, қазақ балаларын кісілікке тәрбиелемек түгіл, оларды православие діни-ғұрыптарына бейімдеу белең алған. Христиан миссионерлері қазақтар, әсіресе жастар арасына православие дінін таратып, насихаттауды жолға қойған.

Интернатта оқу, тәрбие жұмысының «ақ пен қарасын» кім қадағалап, тексеруде. Оқу-ағарту ісі толығымен орыс әкімшілігінің ықпалында, оларға наразылық білдіріп, қарсы шығып жатқан қазақ зиялылары кемде-кем.

Орыс әкімшілігіне қазақ балаларының қазақы тәрбиелеуден бұрын, оларға Салтыков пен Толстойлардың еш қажеті жоқ. Сондықтан орысша оқыған қазақ жастарынан кісілікті жандар шықпай жүр дейді Абай. Осы өлеңде:

Бүлінсе елдің арасы.

Табылмас ғылым сарасы, – дейді хакім Абай. Ғылым елдің бүлінбеуіне қызмет етпек. Ғылымы жоқ жұрт қалайша ел болмақ?!

Абай одан әрі де ғылымды жиі айтады.

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба.

Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге.

«Абай ғылым таппай мақтанба», дегенде, ой астында ой түр. Ғылымды тапсаң мақтанасың ба? Әрине, жоқ. Ғылым адамға салмақ, сабыр

бермек. Ол үшін әуелі ғылымды тап, ғылымға баратын жолға түс, сонда өзінің орнында да та-басың, ойнап күлу әншейін әуре болып қалмақ.

Мақтан болатын нәрсе – ғылым. Нық ай-тылған сөз. Шын мақтан – ғылым. «Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңде *«Ғылым оқып ой таппай»* – дейді.

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» – деген өлеңнің соңғы шумағында *«Терең ой, терең ғы-лым іздемейді...»*.

Мәз болады болысың» деген өлеңде:

*«Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға».*

Кесел адамға жабыса кететін – дерт. Ғылым-мен шұғылдансаң, кесел дертінен аулақ болмақ-сың.

*«Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім»* («Сегіз аяқ» өлеңінен).
*«Жастықтың оты қайдасың,
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын
Дүниенің көркін болжамай».*
Дүние көркі – ғылым деу, қандай терең ой.

*«Ғылым да жоқ, ми да жоқ
Даладағы аңдарсың»* («Өзгеге көңілім тояр-сың» өлеңінен).

«Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ» («Та-лай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» өлеңінен) (Құнанбайұлы, 2004).

Міне, Абайдың ғылым, ғалым туралы ойла-рының бір шоғыры.

Абай ілім дегенді бір рет қана қолданған.

«Қайғы шығар ілімнен». Өзге жерде ілім де-ген түсінік жоқ. Ғылыммен қатар ілім деген тү-сінік қолданылмаған.

Хакім Абай *«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»* деген кәміл мұсылман, дінге қарсы шүбәлі ой-пікірлері де жоқ.

«Абай ілімі» дегенді өзіміз жанымыздан шы-ғарып алғанға ұқсаймыз. Ілім туралы баспасөз беттерінде әлденеше рет қайталап айтқанмын.

Ілім ұғымы Құран-Кәрімде.

«Ей, Мұхаммед! Сен айт: Құдай сендерге айқын ілім жіберді ғой, сөйте тұра, Құдайдан басқа қандай құдірет іздейсіңдер де?...» (Әнғам сүресі. 114 аят) (Құран Кәрім, 2018).

Бұл айқын, айғақты сөз.

Бақара сүресінің 211-ші аятында былай де-лінген: *«Алладан ілім келгеннен кейін оны кім өзгертсе де, оған Алла тартқызар азап күшті».*

«Ей, Мұхаммед! Сен айт: Құдай сендерге білім жіберді ғой, сөйте тұра Құдайдан басқа

қандай құдірет іздемекпіз де» (Әнғам сүресі, 114 аят).

«Пайғамбарға жіберілген ілімге сенсеңдер ұйғарым осы» (Әнфал сүресі, 41 аят).

Пайғамбарлар ілім жасаушылар емес, оларға Алладан ілім түскен, себебі олар Алланың елші-лері.

Ілім пайғамбардан өзгелерге түспеген.

Анығы сол, ілім әулиелерге, хакімдерге т.б. түспеген. Абай секілді ғұламаларға ілім түссе, олар пайғамбарлар деңгейінде болмақ. Абай – пайғамбар емес, ол – хакім. Тіптен, пай-ғамбар ілімі деген түсінік Құранда жоқ, пай-ғамбар – Алла ілімін насихаттаушы.

Хакім Абайды дәріпте, оның ерекше қасиет-терін айт, бірақ пайғамбар дәрежесіне көтерме. Хакім Абайды пайғамбар деңгейінде дәріптеу күнә!

Алла тағаламен жарыса ілім жасаушыларды жоғарыда келтірген Бақара сүресінің 211 аятын-да Алланың тартқызар азабы күшті.

Алланың іліміне қарсы ілім жасаушылар болды, олар: Карл Маркс, Владимир Ленин. Бұлар дінсіздер – атеистер, құдайсыздар. Карл Маркс дінді «у» деген. Бұл ілім бойынша жер жүзінің жартысына жуығы дінсіз, мемлекет-тер, қоғамдар болып өмір сүре бастады, соның ішінде қазақ қауымы болғанын зор өкінішпен айтамыз.

Хакім Абай бұлардың ішінде болмаған, қа-былдамаған, ендеше «Абай ілімі» деген қайдан шықты дегенге келсек, оның да түсініктемесі бар.

Қазіргі абайтанушылардың дені коммунист-тік, социалистік қоғамдарда туып-өсіп, солар-дың ілімдері сіңген оқу-ағарту орындарында «білім» және «тәрбие» алғандар. Сол қандарына сіңіп қалған ұғым-түсініктерден арыла алмай, өздерінше хакім Абайды мадақтаған болғанда Карл Маркс, Владимир Ленин ілімдерін Абай-ға қолданғандықтан, «Абай ілімі» деген пайда болған, мұны айтушылар алаш азаматтары, на-ғыз қазақтар емес, ислам дінін толық қабылдай алмаған социалистік қоғамның «зиялылары». Сондықтан Абай туралы адал сөз айтуға ерте, ақиқатқа бастайтын сөз айтушылар легі әлі де қалыптаса қойғаны жоқ, тегі ғасырға жуық мер-зім қажет, ұрпақтар алмасуы керек шығар деп ойлаймын.

Хакім Абай қалыптасқан кезеңде қазақтың діні де, тілі де болған, олар отаршылық заманын-да бірте-бірте жойыла бастаған. Ендігі жерде қа-лық қазақтың қазақ болуы жойыла бастаған.

«Жаңа жазу», жаңа өмір сүру тәртібі қазақ қауымына іріткі сала бастаған, ол социализм заманында мүлдем жаңа сипатқа, мазмұнға өткен-ді.

Абай қазақы дәстүрлі қоғамда өмір сүрді, бірақ оны ғұлама ретінде тану кеңестік, социалистік, коммунистік заманға дөп келді.

Абайды шынымен тану Тәуелсіздік жылдары басталды. Бұл аз уақыт, ол бір. Екіншіден, қазіргі қазақ қоғамы ала-кұла. Бір үстел басында коммунистер, социалистер, либералдар, демократтар да отыр. Толық «симфония». Тәуелсіз елдің тәуелсіз санасы әлі қалыптаспаған. Іргелес Ресейде әлі де коммунистер үні кей аймақтарда басым. Сенеріміз АҚШ пен Еуроодақ. Көп мәселе әлі саяси жағдайда анықталмаған, ілгері жылжумен бірге кері кету бар.

Абай – хакім. Мағжан Жұмабаевтың «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» деген өлеңі бар. Сол өлең мәтініндегі төрт айрықша ойларға жұртшылық назарын аудармақпын.

Бірінші «Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес» – дейді. Мың жыл деген он ғасыр. Ғұлама әл-Фарабиден бізге дейін он ғасыр, оның сөзінің дәмі кетпеген. Хакім Абай адамзат тарихында әл-Фараби секілді орын алмақ. Қазақ халқы болғанда Абай сөзінің дәмі кетпес. Ақын Мағжанның бағасы өте биік, әрі орынды. Абай сөзі замандар өткен сайын гүлдей бермек.

Екіншіден, «Артында қазақтың жас балалары, сөзіңді көсем қылып, жүрер жөнге!» – дейді. Рас сөз. ХХІ ғасыр ғана емес, келесі ғасырларда қазақтың жастары Абай сөзін көсем қылары анық. Абай сөзі жәй емес, **көсем сөз** болмақ. Бұл Мағжан ақынның болашақты болжауы. Сөзі көсем болған, әрине ғұлама, хакім.

Үшіншіден, ақын Мағжанның келешек туралы қаупі де жоқ емес, ол «*Көз ашып, жұрттың ояу болған сайын, Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар*» – дейді. Шындық. Жұрттың көзі де, көкірегі де ашық, ояу болса, хакім Абайдың қадірі артары анық. Ол үшін ұрпағы, оның мұрасына мұқият болып, ояу болуы керек. Алда қандай замандар болмақ, ол бір Аллаға аян. Шіркін, жұрт үнемі ояу болса ғой...

Төртіншіден, «*Тоқтамас дүниенің дөңгелегі, Жүйріктің айтқан сөзі көпке кетер*», – деп өлеңін түйіндеген. Хакім Абайдың ел-елді, жер-жерді аралап кететіні анық. Бұл іс қазірде-ақ басталған. Абайды тану әлемде шама-шарқынша жүруде... жүйрік сөз өріс тілейді, ол қамалып қалмақ емес.

Хакім туралы анықтаманы Абайдың өзінен табамыз. «...*әрбір істің себебін іздеушілерге*

хакім ат қойылар». Демек, әрбір істің себебін іздеушілер хакімдер. Еуропа білімінде мұндайларды метафизиктер дейді. Ол физикадан кейінгі ғылым деген сөз. Физика нақтылы дене, нәрсе, құбылыс табиғатын зерттесе, одан әргі білім ой арқылы нақтыланбақ. Абай хакім дегенді былайша түсіндіреді. Бұлар (хакімдер – E.F.) хак бірлән батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандары һәммасы адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртәбада қалып, бір ғана хакты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақ бірлән ләззаттанады.

Әрбір істің себебін іздеуші хакімдер хакім үшін дүниенің қызығы негізгі мәселе емес, оның құмары хакқа қызмет.

Үш шындықтың иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хакімдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар. Абай түсінігінде хакімнің дәрежесі пайғамбар мен әулиеден кейін. Пайғамбар Алла елшісі, ондай дәреже әулиеде де, хакімде де жоқ. Абай «*адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді*» – дейді. Дүниені адасудан, яғни ойран болудан сақтаушы хакімдер. Дүние ақиреттің егіні деушілер де хакімдер.

Абай хакім деңгейін нақтылы анықтаған. «*Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым*». Мұсылман ғалымдары – иман тақлиди ал хакім деңгейіне жеткен мұсылмандар иман якини болады. Абай хакімдік деңгейдегі – ғалым. Мұсылман ғалымдары біреулерге еріп, иман тақлиди дәрежесіндегі көп, ал хакім дәрежесінде иман якини мұсылмандар азшылық.

Сонымен мұсылман ғылымының екі дәрежесі бар: иман тақлиди және иман якини, соңғысы хакім атанады. Хакім Абай дегенде, біз оны иман якини деңгейіндегі мұсылман ойшылы деп мойындаймыз. Дүниелік ғылымды заһири деп атайды. Немесе мұндайларды нақлия ғылымдары деп те атайды. Ғақлия ғылымдары – хакімдер. Абай өз заманының молдаларының хаким атына дұшпан болғанын айтады. Бұл пікір қазіргі біздің заманға да қатысты сөз. Хакімдік деңгейге көтерілмегендер хакім атына дұшпан болуы әбден мүмкін.

Қорыта айтқанда, дүниелік заһири, біздің тілде зайырлы ғалымдар бар, оны оқушылар алғашқы сыныптан бастап оқып үйренуде. Сонымен бірге мұсылман ғалымдары бар, олар нақлия және ғақлияға бөлінеді. Соңғысы хакімдер, Абай соның бірі. Абай ғылымы хакімдік ғылым. Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім ғалым деген

Абайға келеді. Абай әншейін ғалым емес, хакімдік деңгейге өткен – ғалым. Сонымен хакім әр нәрсенің себебін іздеуші. Адасканды жөнге салушы. Хикмет айтушы, осы сипаты оны ғылымнан жоғары қояды.

Абай ғылымында қайшылық жоқ. Ол дүниенің үндестігін зерттеген ойшыл. Әлем қайшылықтан тұрмайды екен, әлем Алла тағаланың кеңістігі, ол тұтас бөлінбейтін шындық әлемі. Алла бір, демек дүние де бір.

Біз оқып келген Карл Маркс ілімі, қайшылыққа құрылған. Ол адамдарды бір-біріне қарама-қарсы жауларға бөлген, оны «таптар теориясы» деген. Адам адамға жау, одан француз ойшылы адам адамға қасқыр деген теория шығарған. Абай ғылымы бойынша басқаша, ол *«адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп»* тұжырым жасаған. Адамзатты бір бауыр деп түсініп, оны жұртқа жария ету – Абай ғылымы. Хакім Абай Еуропада қалыптасып, біздің қазақ жеріне жеткен Карл Маркс іліміне түбегейлі қарсы. Адам адамға жау емес, бауыр. Мұны түсіну жұртқа ауыр. Көпшілікке адамзатты екіге жарылғаны ұнасымды. Адамдардың бір-біріне дұшпан болуы табиғи дейді марксистер. Бұл шынында ғылым емес, былшыл. Алайда, соны нағыз ілім, білім, ғылым деп қаншама уақытымызды жібердік. Оны қойғанда, жұрттың әлі де маркстік білімнен босап шыға алмай жүргеніне таңым бар.

Жәуанмәртлік. Қазақта жомарт деген кең тараған ұғым. Жомарт деген жақсы адам деген ниетте, балаларына «Жомарт» деген есім беру дәстүрге айналған. Жомарт дегеннің түпкі мағынасын Абай отыз сегізінші сөзінде «жәуанмәртлік» деген ұғымды талқыға салған. Абай жәуанмәртліктің үш қасиетін ашып көрсеткен, олар: **шындық, ізгілік және даналық.**

Шындықтан әділеттілік туындамақ, яғни жомарт атанған жан шыншыл, әділетті. Жалған сөйлеушілердің жәуанмәртлікке қатысы жоқ, олар пендешіліктен шыға алмай жүргендер.

Ізгіліктен мейірімділік, парасаттылық өсіп, өркендеп ақ пейіл, ақ ниет деген қасиеттерге айналмақ. Ізгіліктен үш қасиет өрбімек, олар: ізгі ой, ізгі сөз, ізгі іс. Ізгі ойы, сөзі, ісі бар жомарт атанбақ. Даналықтан хакімдік өсіп-өнбек. Хакім адам жомарт жан.

Жәуанмәртліктің үш қасиетіне ие: пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер және кәміл мұсылмандар. Абай пайғамбар мен әулиелер ахиреттің әңгімесін айтып, нәпсіні тиюшылар, демек олар Алла тағала адамдар үшін берген нығметтерін пайдаланбай о дүние туралы ғиба-

дат етпек, сонда дейді Абай малды кім бағады, егінді кім салады. «Жалған дүние ахиретін егіпті» дегеніміз қайда?!

Абай нағыз шыншыл, ол өмір деген мәселені талқыға салды. *«Ғұмырдың өзі хақиқат»* – дейді. Жәуанмәртлікті кәмілеттілікке жетудің нағыз жолы десек, өмірсіз (ғұмырсыз) қайдағы кәмілеттілік. Хакімдер болса, дүние сөзін сөйлейді. Әулиелер тарикатқа кіріп, дүние ойран болмай ма? Дұшпаннан қалай қорғанбақпыз, дінімізді қалай сақтамақпыз.

Абай жәуанмәртлікті бір жақты түсінуден сақтандырған.

Әулиелер ішінен де байлар шыққан. Байлық болған жерде мәселе көп, оны Абай отыз сегізінші сөзінде тереңнен талқыға салған.

Абай *«махаббаттың төлеуі – махаббат»* дейді. Мұны қалайша түсінбекпіз. Махаббат Алла тағаланың құдыреті. Олай болса, Жаратушының құдыретін қалайша талқыға салмақпыз. Құдыретті – құдырет деп қабылдаудан өзге жол жоқ. Құдыретке сенім қажет.

Ғылымда абсолют деген ұғым бар, оны қалай түсіндірмекпіз. Абсолюттің мәні – абсолют дейміз, себебі оны ешнәрсемен салыстыра алмаймыз, былайша айтқанда, теңдесі жоқ. Абсолютті ешнәрсемен салыстыра алмаймыз. Махаббатты Алла тағаланың құдыреті десек, оның салыстыратын теңдесі жоқ, сондықтан махаббаттың өтеуі – махаббат.

Махаббаттың дара қасиеті оны абсолют етіп тұр. Өз лексикамызға салсақ, махаббат – абсолют. Ол сезім, бірақ теңдесі жоқ абсолют сезім. Махаббат адамның барша сезімінің өзегі, тіптен – анасы. Махабаты жоқ адамнан ғалым да, өнер адамы да шықпайды. Махабаты жоқ адамда мейірім болмақ емес. Махабатсыздық надандыққа бастайды. Махаббат көңіл көзінің ашылуы, сенім тұнығы. Сезімге байлық – махаббат. Ғашықтық – махаббаттың асыл көрінісі. Абай нәпсі құмарлығынан ғашықтықты бөліп қарастырған. Құмарлық нәпсі ағысында болса, ғашық тұнық сезім, ол қуатты махаббаттан алады. Абайдың *«махаббаттың өтеуі – махаббат»* деп отырғаны терең түсінік.

Махаббатты тек махаббат арқылы сезіну, ерекше сенім. Сонда махаббат Жаратушымызға сенім болып шықпақ, яғни махаббат дегенді жеңіл-желпі түсіну қателік емес, надандыққа бастауы әбден мүмкін.

Абайдың «Ғылым – Алланың бір сипаты» деуі дәлелдеуді қажет етпейді. Тіптен, дәлелдемек болсаң да оған дәлелдерің жетпейді. Ғы-

лым Алланың бір сипаты деуге сену қажет. Сенім – ғылымнан биік феномен. Сондықтан, неге ғылым Алланың бір сипаты дегенге дәлелдер іздемейміз. Бізге белгілі жай, ғылым дүние көркі. Ғылым болмаса, әлем туралы ақпарат жоқ. Сондықтан, дүние көркі – ғылым. Сонда ғылымның негізінде танымға сенім қалыптасқан. Біз әдетте танымға зерттеп жетеміз дейміз, ал бұл жағдайға танымға сенім қажет. Бұдан шығатын түйін – сенім ғылымның ең алғашқы сатысы. Осыны түсінбеген періште Жаратушының жаратқан адамына күмән келтіріп, қарғыс алып, ібіліс атанды. Ібіліс адамға бас имей, оны зерттеуге ынталы болды, бұл Жаратушы ісіне күдік еді. Жаратушы адамды тануға ерік берді. Ібіліс Жаратушыға – адам кемел емес, іші қуыс екен деді. Ібіліс – болса, сенім емес, дәлелдерге жүгінді. Алла тағала ғылымы сенімге, сөйтіп Алланың бір сипатына айналса, шайтани ібіліс ғылымы дәлелдер қуып кетті. Сенімсіз дәлелдер үнемі қателіктерге ұшырап отыратынын ібіліс білмеді. Содан беріде адам ғылыми қателіктерге ұрынып келумен келеді, қазіргі ЖИ – соның айғақты көрінісі.

Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім ақыл ерістіре алмады. Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды. Біз алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік те – ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демеклік те алла тағалаға лайықты келмейді (Құнанбайұлы, 2002).

Абай «Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі» дейді. Мұны сенімге қабылдауымыз керек. Алла тағаланың өлшеусіз екендігіне берік сену қажет. Өлшеусізді білем деу – ағаттық. Алла тағаланың өлшеусіз екендігіне дәлелдің қажеті жоқ. Бұл жерде ақыл емес, сенім қызмет етеді. Ақыл өлшеулі, оның мүмкіндігі шектеулі. Ешбір хакім ақылмен Алланы танымақ емес. Абай тереңге кеткен. Бәрін ақылмен танып білмек болғандарды Еуропада рационалистер, олардың теориясы рационализм деген. Абай рационализмді қабылдамауда. Сенімге жолды ақыл бастамаса, қалай болмақ?! меніңше сенімге жол – сезімде.

Сезіну сенімді қалыптастырмақ, ол арнайы әңгіме тақырыбы.

Абай осы отыз сегізінші сөзінде аса күрделі тақырыпты көтерген, ол «Біз Алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демектілік

те – ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса «бір» демекілікте алла тағалаға лайықты келмейді» (Құнанбайұлы, 2002).

Әдетте «Алла бір, пайғамбар хақ» дегенге қалыптастық. Мәселенің түбіне үңілсек, Алланы «бір», «бар» деуіміз ақыл нәтижесі емес, ұғымға тиянақ үшін «ойлап тапқанымыз», яғни таным тәсілі.

Онтологиялық мағынада Алланың бір екені, бар екені бізге беймәлім. Біз Алланың бір әрі бар екенін ақыл арқылы танып-біліп отырғанымыз жоқ, Алланың бір, бар екеніне сенудеміз.

Сенімнен ақыл, таным өрбіген, бұл жаңалық.

Абай айтады: *«Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді»* – деп келісу қиын. Абай хакімдерге тым ауыр жүк арқалатқан. Неге дейсіз ғой, біріншіден, дүниені билейтін хакімдер емес, патшалар, хандар, корольдер т.б. Олардың дені хакімдер емес және хакім сөзін құлаққа ілетіндер де емес. Дүниенің ойранын шығарған. Александр Македонский, Цезарь т.б. биліктің құлдары, зұлымдар.

Екіншіден, хакім билікке келсе де, әділ билеуші болып қалар ма екен? Билік кімді болмасын отқа салады, есін алады. Билікке мас болмаған, билік басында әділетті басшы болғанды тарих білмейді. Билік басына дені дұрыс келген адам, ұзақ билікте болғанда танымастай өзгереді. Сондықтан, Америкада және бірқатар елдерде билік басына 4-5 жылдан артық отырмайды. Америка Құрама Штаттарында Президент екі мерзімнен артық сайланбайды.

Хакімдердің ел басқаруы даулы мәселе.

Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фигыл пәнденің қазығы – осы жақсы хакімдер, әр нәрсе дүниеде бұлардың истихражы бірлән рауаж табады. Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, ләкин осы хакімдердің жасаған, таратқан істері. Әддүния мәзрәәтул-ахирет дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: өуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дүшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дүшпаны. Адам баласына дүшпан болса, адамнан бөлінеді, бір

жыртқыш хайуан қисабына қосылады (Құнанбайұлы, 2002).

Жомарт адам кім? Ол шыншыл, жаны ізгі, дана адам. Мұндай адамның, мұсылман болмауы да мүмкін, бірақ жомарт адам да Алланың рахымына бөленбек. Адамға жақсылық жасау жомарт адамның басты қасиеті, ондай жанның ахиретте орны ерекше болмақ. Жомарттық ахиретте ерекше бағаланбақ. Жомарт екі дүниеде де жақсы адам. Абай ғылымы жәуанмәртлікті осылай анықтаған.

Әулие кім? Ол пенделігін әулиелікке жеңдірген, дүние қызығын тәркі етуші жан.

Абай айтады, олай болса, малды кім бағады, егінді кім егеді, дұшпаннан кім қорғайды. Алла тағаланың адам үшін берген нығметтерін кім пайдаланады. Ғұмыр өзі – ақиқат. Ғұмыр болмаса, кәмелеттілік жоқ. Өмір – кәмелеттілік негізі. Кәмелеттілікті тек әулиелікпен ғана өлшеуге болмайды дейді Абай.

Абайдың ғалымдығы, оның **ойшылдығында**. Он жетінші сөзінде қайрат, ақыл, жүрек туралы пікір жарысы болған. Бұл үшеуі кісілер, яғни тұлғалар емес, бірақ Абай олардан ой тұлғаларын жасаған. Оларді бір-бірімен айтыстырып, ақыры оларды ғылымға жүгіндіріпті.

Ой ғылымы деген міне осы. Ғылым үшеуіне төреші болғандықтан, бұл ғылыми шығарма, Абай ғылымы.

Иә, сонымен «қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп ғылымға жүгініпті».

Абай әуелі үшеуін жеке-жеке сөйлетіп алады.

Алғашқы сөзді Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын; әуелі, ғылым, өзіңді білуге, ерінбей-жалықпай ізденіп, үйреніп, орнына келтірмек – менің ісім. Құдайға лайықты гибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуда болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жигызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Бұл қайраттың толық мінездемесі. Қайрат туралы сөз айтқың келсе, дайын мәтін қолдана бер. Әрине, қайрат жеке-дара болмақ емес, ол адамның қасиеті. Ол тәрбиенің жемісі. Қайратты жан табиғатынан дара тұлға. Ата-ана баласы-

на (ұл балаға) Қайрат деп есім бергенде, тілегі алдында. Ер азамат қайратты болмаса, не болмақ. Қайрат елдікке аса қажетті қасиет. Батыр, би, көсемдер қайратты жандар, олар тура жолға бастаушылар.

Енді айтысқа түскен ақылды тыңдалық: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» – депті (2 т. 172 б.).

Рас. Ақылдың жүрмейтін жері жоқ. Ақыл адамның хайуаннан басты басты ерекше қасиеті. Ақыл дүниені танып, білуші, оған талас бар ма?

Әңгімеге үшінші боп сөзге араласушы жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманишылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбанишылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті (2 т. 172 б.).

Рас. Таза жүрек мейірім, ұят, әділеттің мекені. Жүрек – тіршілік иесі. Жүрек болмаса, өмір жоқ. Дүние жүрекке барып тіріледі. Жүрек тәрбиесі – жан тәрбиесі.

Абай қайрат, ақыл, жүректі сөйлетіп алып, ғылымға жөн айтқызыпты: «Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті.

«Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де

сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман», – депті.

«Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім», – депті.

*Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет», – деп ұқтырып айтушының аты **ғылым** екен (2 т. 172 б.).*

Хакім Абай ғылымның өмірдің сарапшысы, төрешісі екенін айтқан. Ғылым деңгейі биік, оны дүниенің көркі дейтініміз сондықтан. Абай ғылымға шаң жұқтырмаған, бірақ ғылымның да жамандыққа да тартып кететіні бар. Ғылым, яғни адам ғылымы Алла ғылымына қарсы болмауы керек. Қазіргі ЖИ (жасанды интеллект) қандай ғылым.

ЖИ мамандары айтады, онда этика жоқ деп, мен қазақшалап айтсам, онда тірі жүрек жоқ, сонда қалай болғаны.

Жүрек болмаса, мейірім, махаббат, адамшылық жоқ. Ойланатын мәселе. Абай ғылымы қазіргі заманда мәселеге айналуға, шешімі қалай болмақ?

Абай кәміл мұсылмандарды жомарттар қатарына санайды. Отыз бесінші қара сөз:

«Ана шын ниетіменен орнын тауып, бір құдайдың разылығы үшін өнер қылғандарға айтар дейді: «Сендер бір ғана менің разылығымды іздеп малдарыңды, өмірлеріңді сарып қылып едіңдер, мен разы болдым. Сіздерге лайықты құрметті орным бар, дайын, кіріңдер! Һәм ол разылықтарыңнан басқа осы махшар ішінде, сендердің осы қылғаныңа өзі қылмаса да, іші еріп, ынтық болған достарың табылса, шафағат қылыңдар!» – деп айтар дейді».

Абай «кәміл мұсылмандарды» биік қояды. Шынында қажы атану – дәреже, молда, сопы да сол секілді істер. Тіптен, жомарт, шейіт те осы жалған дүниеге қатысты айтылады. Мәселе, ниет тазалығында. Таза ниетпен молда, сопы, шейіт, жомарт атанғандар бір басқа, ал қажеке, молдеке, сопиіке, мырзеке, батыреке аталмақ та болсаңдар, енді жауап беріңдер дейді. Ниет тазалығы кәміл мұсылмандар да, олар Алланың разылығы үшін қызмет етті, оларға Алла тағаланың орны ерекше дейді Абай. Әрине, бұл істің шешімі Абай айтқанмен бір Алланың әмірінде. Таразыға ниет тазалығы түскенде шындық анықтамақ, ол бір Алланың ісі.

«Толық адам туралы». «Толық адам» – метафоралық ғылыми тұжырым. Абай өлеңі:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,

Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.

Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,

Бұл – қайраттан шығады, білсең керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек.

Осы өлеңнің алты жолы кей азаматтар үшін Абайдың «толық адам» деген іліміне негіз болыпты. Мәселе, ақыл, қайрат және жүректе, бұл үшеуі тек қазақтарға ғана тән емес. Орыс, неміс, француз бәрінде ақыл бар, қайрат бар және әркімде жүрек бар, демек адам баласының бәрі «толық адамдар». Олай болса, «толық адам» ұғымы тек қазақтарға ғана тән емес. Осы үшеуін бірдей ұстайтын орыс, неміс, француз жоқ деп кім айтты. Абай жалпы адамзатқа тән жағдайды қазақша баяндаған. Шындық сол. Абай осы үшеуін бірдей ұстайтын қазақтар дегені жоқ. Адам болған соң, ол ақылды, қайратты әрі жүректі болуға міндетті. Әрине, адамдар әрқелкі, мүмкін біреу қайратты болса, жүректі болмауы мүмкін немесе қайратына сай ақылды болмауы да мүмкін іс. Абайдың айтып отырғаны тағылымдық, үлгілік жайт. «Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа» деп басталатын өлеңнің соңғы шумағында «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек».

Талас жоқ. Абай адамның өзге де қасиеттерін осы үшеуіне сыйғызған, қасиеттерді сұрыптаған, бұл жерде ешқандай ілімнің белгісі жоқ. Сөз адам және оның асыл қасиеттері туралы. Алғашқы өлеңге қайта оралсақ, соңғы екі жолда:

«Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» – деп ойын түйіндеген, мұнда да ілім туралы сөз жоқ. Абай үшеуінің жөнін білетін Ғылым деген.

Абай қалыпты жағдайды адам табиғаты туралы баяндаған. Хакім Абай отыз сегізінші сөзінде толық адамды толық мұсылман – дейді. Оның айтуынша, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған толық мұсылман. Қорыта айтқанда, «Толық адам» деп отырғанымыз, хакім Абайдың метафоралық-ғылыми тұжырымы, ілім емес.

Қорытынды

Абай отыз сегізінші сөзінде Алланың ғылымы, адамның ғылымы деп анықтаған. Білімге, растыққа, хақиқатқа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бұл Адамның ғылымына қатысты. Бір сөзбен айтқанда, білмекке құмарлық адам ғылымы.

Ғылым Алланың бір сипаты болғандықтан, хақиқат Алла ғылымы. Ол ғылым дәлелдеуді қажет етпейді, себебі Алла тағаланың өзі – хақиқат жолы. Адам ғылымы – ізденіс жолы. Адам

ғылымында мін, қателік болуы мүмкін, Алла ғылымында мін жоқ.

Оқу, білім жолына түсу адам ғылымының тәсілдері. Адам ғылымы екі бағытпен құнарланады. Алғашқысы оқып-білу, талаптанып іздену, қажырлы еңбекті қажет етеді. Білім, ғылым инемен құдық қазғандай деген сөз содан шыққан.

Ғалым растық, хақиқат жолына түскен адам. Ғалым аныққа қызмет атқарады. Нағыз ғалымда жалған сөз болмайды. Ғалым сөзінде өтірік болуы мүмкін емес. Сөзінде өтірігі бар, ол шала ғалым, тіптен оны ғалым деуге болмайды. Біз коммунистік ғылымды шын деп табынып келдік. Кеңес заманында жоғары оқу орындарында студенттер мынандай жалған «ғылымдарды» оқыды: «Ғылыми коммунизм» және «Ғылыми атеизмнің ғылыми негіздері».

Ғылыми коммунизм және Ғылыми атеизм деп Кеңес заманында студенттердің санасы улаумен болдық. Шәкәрім қажының «Ғылым деп бокты жегізген» дегені ащы сындық. Кеңес заманында біз адам ғылым емес, шайтан ғылымын оқыдық, сол кезде шайтан ғылымына имандай сеніп қалған жұрт қаншама? Қазіргі қазақ қауымының бір парасы әлі күнге дейін шайтани «ғылымнан» тазара алмай жүр. Жер жүзіне кеңінен тарап кеткен Карл Маркс ілімі осы «шайтани ғылым». Шәкәрімнің сыны Карл Маркс іліміне бағытталған.

Абай заманында Карл Маркс ілімі бас көтерген. Ол Фридрих Энгельс екеуі 1847 жылы «Коммунистік партия манифестін» жариялаған, ол Ресей аймағында таралған.

Хакім Абай болса, Михаил Лермонтовтың отызға жуық шығармасын қазақ тіліне кереметтей етіп аударған, жұртқа насихаттаған, міне бұл адам ғылымына Абайдың қосқан үлесі. Ол Михаил Лермонтов шығармаларынан рас ойларды тапқан.

Хакім Абай таза ойларды тере білген, ол халықшылдар, ағартушылар, социалистер идеясын және батыстық философияны қабылдамаған. Күні бүгінге дейін Абай философ дейтіндерге таң қаласың, ол хакім, бірақ осы түсінік әлі санаға толық сіңбей тұр. Себебі, Абай айтқан адам ғылымын саралап ала алмай жүрген жағдайымыз бар. Атеистік, яғни дінсіздіктен кетсек те, діни сана түсінігіміз шала. «Ескі оқу» дәстүрлі санамыздан арылмай бәрі араласып кетті.

Алла ғылымы туралы әңгіме басқа. Ол ғылыммен сауатты діни мамандар шұғылданғаны жөн. Діни ғылым жеңіл шаруа емес, оны айқын білетіндер ажырата айтқандары керек.

Абай таза дін жолындағы ғалым емес, ол ақын, ол ойшыл, оның тәсілі – метафора.

Ақын метафорасыз сөз айта ма? Сондықтан, біз, оның толық адам дегенін метафоралық-ғылыми тұжырым дегенге тоқталдық. «Толық адам» дегенде діни түсінік, ұғымдар жоқ. Таза ғылыми ұғымдар емес, метафоралық тұжырымдар. Абай бұл үшеуінің жөнін ғылым білмек деген.

Абай адамның тұлғалық мінездемелеріне тоқталған, ол адамды жақсы адам және кәміл адам дегендерді сипаттайды.

Адамның адамдығы – махаббат. Кімнің махаббат сезімі мол болса, ол жақсы адам. Жақсы адамның тумысынан болатын тән саулығы – хауас сәлим, одан әрі: жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаз – бұларсыз жақсы атану қиын іс. Ұстазы болмағанның – ұстазы шайтан болмақ деген сөз бар. Әрине, балаға ең алғашқы ұстаз ата-ана, сондықтан ата-ана жақсы болса, шайтанның кірер жері жоқ. Ал, бала білім мен ғылымды махаббатпен қажет етсе, оны аты өсе келе адам болмақ. Білім мен ғылым адамның адамшылығының қуаттары. Адам болғаннан кейін, оның алдында үш міндет тұр. Бірінші – Алла тағаланы танымақ. Екінші – өзін танымақ. Үшіншіден – дүние танымақ. Бұларды жүйелі түрде тануға кіріспеген – жарым адам, жарым молда, жарым мұсылман деген түйін жасаған хакім Абай.

Жоғарыда айтылған үш танымаққа, міндетті түрде ғылым қажет. Осы үш танымақты Абай ғылымының үш бөлімі деп қарастырған жөн.

Үш сүю – имани дүниетаным. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп басталатын он төрт шумақтан тұратын керемет мағыналы өлеңі бар, соның төртінші шумағы:

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.*

Осы өлең шумағы туралы әртүрлі әңгімелер өрбіген. Мәселе, Абай мәтініне редакцияның қажеті, керегі жоқ.

Өлеңнің бірінші жолы «Махаббатпен жаратқан адамзатты» деп нақты айтылған. Махаббатпен кімді жаратқан, әрине мәтінде айтылғандай, адамзатты жаратқан, адамды емес. Адам мен адамзат бір ұғым емес. Абай адамды махаббатпен жаратқан деген, мәселе адамзатта. Бұл мәселені шегелеп айтып отырғаным, осы түсініктерді үстірт түсіну бар, оған төменде тоқталамын.

Өлеңнің екінші жолы «Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті» дейді. Бұл бірінші сүю, яғни адамның Алланы сүюі. Осы тұста түсінбестік орын алғанын айту керек.

Кей зерттеушілер бірінші сүю Алланың адамды сүюі деген тезисті ұсынады. Ол Абайдың мәтінінде жоқ. Алланың адамды сүюін қайдан алды десек, Алла адамзатты махаббатпен жаратты дегеннің ішінде Алланың адамды сүюі деген түр емес пе деген уәж ұсынады. Қайталап айтайын, Абай махаббатпен адамды емес, адамзатты жаратты, ол бір. Екіншіден, махаббатпен сүю синоним емес, махаббат Жаратушының күдіреті. Оның мағынасы басқа. Егер махаббатпен сүю бір ұғым болса, Абай солай деп ашық айтпайды емес пе?

Сен Алланы адамзатты жаратқаны үшін сүюің керек. Махаббат Алланың жаратушылық күдіреті, ол тылсым, сыры бізге беймәлім. Сондықтан бірінші сүю адамның Алланы сүюі, яғни өзін жаратқан күдірет иесін сүюі. Алла тағала адамзатты жаратты, ол адамды сүюді айтпаған. Мәтінде жоқ нәрсеге килігіп, жаңалық ашудың қандай қажеті бар.

Өлеңнің үшінші жолында «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», екінші сүюді айтқан. Адамзаттың бәрін сүю – сенің адамшылығың.

Өлеңнің төртінші жолы «Және сүй хақ жолы деп әділетті». Бұл үшінші сүю. Әділетті сүю, ол хақ жолы, яғни Алла тағала жолы.

Сонда махаббатпен жаратқан адамзатты сүйдің, бұл бірінші сүю, оның жаратқан адамзатын бауырым деп сүйдің, бұл екінші сүю және адамзаттың жүретін жолы әділеттілік, оны сүйдің, бұл үшінші сүю. Енді хакім Абайдың келесі өлең жолын оқиық:

Осы үш сүю болады имани гүл,

Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ (анық) біл.

Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,

Басты байла жолына, малың түгіл.

Дін де осы, шын ойласаң, тағат (құлшылық) та осы,

Екі дүние бұл тасдиқ (растау) – хақтың досы.

Осыларды бұзатын және үш іс бар:

Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы.

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,

Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.

Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті

Қылғанменен татымды бермес жеміс (Құнанбайұлы, 2004).

Міне, метафоралық-ғылыми тұжырым.

Абай ақын, сондықтан оның тілі – метафора. Ол ғылыми дәлел емес, метафоралық дәлел ұсынады. Бұл – поэзия. Сүю деген ғылыми термин емес, ол – метафора, сондықтан одан дәлдікті іздемей, образды іздеу қажет.

Образ – поэзия тілі.

Хакім Абай Алла адамзатты махаббатпен жаратты. Біз Алла қалай жаратты деп сауал қоя алмаймыз. Ол Алланың күдіреті. Ол тылсым күш. Ол Алла білімі, ғылымы.

Адам ғылымы осы күдірет мазмұнын түсіну. Адам ғылымы осы жерде шектеледі, мәселе сен Алла ғылымына сен. Біздің Алла ғылымына сенуден басқа амал жоқ. Адам ғылымы дәлелдерді қажет етеді. Дәлел табиғатында күдік те болуы ықтимал. Алла ғылымына күдік жоқ, ол хақиқат (ақиқат).

Абай ғылымы: Сана-сезімімізді тазартушы, анық дегеннің не екенін анықтаушы. Тура жолды белгілеуші. Жақсы адам, кәміл адам «толық адам» болуға ынталы, жомарт жандарға жөн көрсетуші. Адал мен арамды айырушы.

Жақсылықты жамандықтан ажыратушы. Адамшылық пен надандықтың аражігін айқындаушы. Абай ғылымы жұртты «жалған ілімдерден» қорғап, ізгі ой, ізгі сөз, ізгі іске бастаушы. Абай ғылымы халал ойдың көркемі, таза мұсылмандық. Абай ғылымын оқып-үйрену тәрбиеге өзек, адам болып өсіп-өнуге көмек. Абай ғылымы – шындық, әділет жолы, даналықтың өрнегі. Отыз сегізінші қара сөзінде «*Ғұмырдың өзі – хақиқат*», – дейді. Өмір – ақиқат, олай болмаса кәмелеттік қайдан болмақ? Дүние жалған деп жамырайтындар ойланулары керек. Өмір – ақиқат. Бақи дүниені ғана ақиқат деу қалай болмақ. Бұл да Абай сыншылдығы. Ол жалған ақыреттің егіні дейді. Егінді ексең, сен бақи ғұмырды ойлағаныңыз, екі дүниені тұтас қабылдап, бірін тәркі етпей бұл дүниеде ақыретте оратын егуің қажет.

Бұл Абай ғылымының хакімдік сараптамасы. Абай сыны, оның ғылымының – темірқазығы! Абай ғылымын тану – ойшыл ақынды танудың өзегі.

Әдебиеттер

- Әуезов, М. (1997). *Абай жолы роман-эпопея. Бірінші том*. Алматы: Жеті жарғы.
- Есім, Ғ. (2026). Абай ғылымы. *Ақиқат*, (1), 12–22.
- Есім, Ғ. (2012). *Хакім Абай* (Қ. Құрмансейіт, ред.). Астана: Фолиант.
- Құнанбайұлы, А. (2002). *Қара сөздер*. Алматы: Атамұра.
- Құнанбайұлы, А. (2004). *Шығармаларының екі томдық толық жинағы*. Алматы: Жазушы.
- Құран Кәрім. (2018). *Арабша мәтін және қазақша мағынасы* (Х. Алтай, ауд.). Алматы: Көкжиек.

References

- Auezov, M. (1997). *Abai zholy: Roman-epopeia (Vol. 1)* [The Path of Abai: Novel-epic]. Almaty: Zheti Zhargy. (In Kazakh).
- Esim, G. (2026). Abai gylmy [Abai studies]. *Aqiqat*, (1), 12–22. (In Kazakh).
- Esim, G. (2012). *Hakim Abai* (K. Kurmanseit, Ed.). Astana: Foliant. (In Kazakh).
- Qunanbaiuly, A. (2002). *Qara sozder* [The book of words]. Almaty: Atamura. (In Kazakh).
- Qunanbaiuly, A. (2004). *Shygarmalarynyn eki tomdyk tolyk zhinagy* [Complete works in two volumes]. Almaty: Zhazushy. (In Kazakh).
- Altai, K. (Trans.). (2018). *Quran Karim: Arabsha matin zhane qazaqsha magynasy* [The Quran: Arabic text and Kazakh translation]. Almaty: Kokzhiek. (In Kazakh).

Автор туралы мәлімет:

Ғ.Е. Есім – ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлт-тық университеті.

Information about the author:

G.Y. Yesim – Doctor of Philosophical sciences, professor, Academician of the NAS of the RK Eurasian National University named after L.N. Gumilyov.

Сведения об авторе:

Г.Е. Есім – академик НАН РК, д. ф. н., профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева.

Келін түсті: 2.12.2025

Қабылданды: 1.01.2026